

**ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ МЕН ПОСТМОДЕРНИСТІК ДИСКУРС  
САБАҚТАСТЫҒЫ  
(А.КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ «ТЫРНАҚ» ӘНГІМЕСІ БОЙЫНША)**

\*Абдуллина А.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан  
e-mail: anar.abdullina@rambler.ru, orcid: 0000-0001-8695-7417

**Аңдатпа.** Зерттеу мақалада тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ прозасында қалыптасқан постмодернизм бағыты қарастырылған. Мақаланың мақсаты А.Кемелбаева шығармашылығын постмодернизм дискурсы аясында талдап, қазақ прозасындағы жаңашылдықтарды анықтау. Зерттеу мақаланың ғылыми және практикалық маңызы қазақ әдебиетіндегі постмодернизм бағытының дамуымен байланысты. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі шағын прозалық жанрларды интермәтінділік тұрғысынан талдауға жол ашады, сондай-ақ салыстырмалылық тұрғыдан зерделеу жұмыстың тәжірибелілігін арттырады. Зерттеу методологиясы қазақ прозасындағы автор трансформациясы, оқырманмен ойын, интертекстуалдылық, симулякр образдарының интерпретациялануымен байланысты. А.Кемелбаеваның «Тырнақ», Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» туындылары герменевтикалық әдіс арқылы талданып, шығармалардың ерекшеліктері анықталды. Зерттеуде Т.Прохорова еңбегіндегі В.С.Малаховтың пікірі, В.Курицын, В.Руднев, Ә.Қодар, С.Қасқабасов, Ж.Жарылғаповтың постмодернизм жайлы көзқарастары негізге алынды. Симулякр жайлы О.Бычкова, Г.Сәулембек пікірлері қарастырылды. Қазақ прозасындағы жаңашылдық Г.Орда зерттеуі негізінде айқындалып, жалпыадамдық құндылықтар Н.Худайбергенов зерттеуі негізінде талданды. Герменевтикалық әдіс арқылы А.Кемелбаеваның «Тырнақ» әңгімесінде интертекстуалдылық, оқырманмен ойын сынды постмодернизм құралдары анықталды. Сонымен бірге туындыдағы детективті сипат, интеллектуалдық сұхбат элементтері айқындалды. Зерттеу мақаланың негізгі құндылығы қазақ әдебиетіндегі постмодернизм бағытының қоғам сипатын бейнелеудегі қызметін анықтаумен байланысты. Симулякр образы, симуляция құбылысы талданып, прозадағы негізгі қызметі анықталды. Шығармада симулякр образының негізгі қызметі қоғам кемшіліктерін әшкерелеу екені жан-жақты талданды. Зерттеуде постмодернистік жаңашылықтар проза поэтикасындағы өзгерістер, көркемдік-эстетикалық құндылықтар, шығармашылық еркіндік, авторлық кредо, авторлық позиция, сонымен бірге авторлардың жазудың жаңа құралдары мен әдістерін қалыптастыру арқылы қазақ прозасын жаңа деңгейге көтереді. Осы негізден ХХІ ғасырдағы қазақ қаламгерлерінің постмодернистік әдебиеттегі мифтік таным, мифтік сана негізінде терең зерттеу нысанына айналып отыр. Постмодернистік мәтіндерге идеялық-эстетикалық жүйелер, моральдық құндылықтар тән. Бұндай постмодернистік мәтіндерге тән ерекшеліктер А.Кемелбаева «Тырнақ» шығармасында анықталып, талданды.

**Тірек сөздер:** постмодернизм, интертекстуалдық, симулякр, интерпретация, авторлық кредо, авторлық позиция, герменевтикалық талдау әдісі, жаңа бағыттар

### Негізгі ережелер

Зерттеу мақалада постмодернизм бағытының негізгі зерттеу құралдары анықталды. А.Кемелбаеваның «Тырнақ» әңгімесіндегі авторлық кредо, авторлық позиция қарастырылған. Туынды Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» шығармасымен салыстырылып, постмодернизмге тән ерекшеліктер айқындалған. Мақалада қазақ, орыс зерттеушілерінің пікірлері негізге алына отырып, қазіргі қоғам мәселесі де қарастырылған. Постмодернизм дискурсы арқылы қоғам шындығы әшкереленіп, оқырманмен ойын, интертекстуалдылық сынды постмодернизмге тән құралдар қолданыс тапқан.

### **Кіріспе**

Өнер мен мәдениет, философия мен әдебиет салаларында постмодернистік көзқарастар XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап басымдыққа ие болды. Мәселен, француз философы М. Фуко зерттеуінде постмодернизмнің әдебиеттегі көрінісі авторлық трансформация негізінде қалыптасатынын айтады. Сонымен бірге, постмодернизм дискурсында симулякр ұғымының маңызы зор. Ж.Бодрийяр ұсынған концепцияда «симулякр» ұғымы антикалық дәуірден басталса да, бүгінгі таңда шындықты көлегейлеу, иллюзия, мәңгі және тұрмыстық идеялардың көшірмесі ретінде анықталады. Виртуалды әлемнің негізі де симулякр образы арқылы танылады. Осы негізден постмодернизм дискурсын қарастыра отырып, А.Кемелбаева шығармашылығын зерттеу арқылы қоғамдағы өзгерістер мен автор трансформациясын, симулякр образын қарастырамыз. Орыс әдебиетінде постмодернизм жайлы В.Малахов, В.Курицын, В.Руднев пікірлеріне сүйенетін болсақ, әр кезеңде постмодернистік көзқарастар болған. Ә.Қодар зерттеулерінде постмодернизм батыс мәдениетіне тән құбылыс деп анықталады. С.Қасқабасов постмодернизмнің индустриалды қоғамда қалыптасқанын айтады. Сонымен бірге Г.Сәулембектің постмодернизм жайлы пікірлері, О.Бычкованың симулякр образы туралы зерттеулері негізге алынды. Қаламгердің «Тырнақ» әңгімесіндегі оқырманмен ойын әдісі, симулякр образы талданды. Сонымен бірге Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» шығармасымен салыстырылды. Екі шығарманы салыстыра отырып, мифологемалардың авторлық позициямен қолданыс тапқаны анықталды.

Постмодернизм бағытының қалыптасуына XX ғасырда орын алған оқиғалар әсер етті. Түрлі тарихи оқиғалар, экологиялық мәселелер құндылықтар жүйесін қайта қарастыруды қажет етті. Осы негізден ұлттық, жалпыадамдық құндылықтар қарастырылып, көркем шығармадағы маңызы анықталды. «Тырнақ» әңгімесін герменевтикалық талдау әдісі арқылы қоғам, қоғам болмысы айқындалды. Сонымен қатар автор-кейіпкер түсінігі анықталып, қаламгердің авторлық кредосы жан-жақты талданды.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

В.С.Малаховтың пікірінше, постмодернизм терминінің өзі 1917 жылы қалыптасқан, десе де 1960 жылдары ғана кең таралып, 1980 жылдары концепция мәртебесіне ие болды. Постмодернизм ұғымы тура мағынасында «модернизмнен кейінгі» мағынасын білдіреді [1, 27 б.]. Постмодернизм бағытының қалыптасуына екі негіз бар. Біріншісі ХХ ғасырдың І жартысында орын алған тарихи оқиғалар: дүниежүзілік соғыстар, атомдық жарылыстар, экологиялық апаттар. Екіншіден, адамның әлем жайындағы түсініктерінің трансформацияға ұшырауы. Постмодернизм бағытының негізгі жаңалығы үлкен идеологияларға қарсылық таныту, бинарлық оппозицияға кекесінмен қарау деп танылады. Модернизмнен кейін қалыптасқан постмодернизм бұл бағыттағы негізгі ұстанымдарға, оның ішінде: «автор меніне» күмәнмен қарау, шығарманы ойын түрінде беру, аласапыран дүниеден мән табу сынды элементтеріне кереғар саналады. Сонымен бірге, постмодернизм бағытын жасаудағы басты құралдар интертекстуалдылық, ирония, оқырманмен ойын, сонымен бірге көркемдік тұтастық болмауы сынды ұғымдар анықталады. Аталған бағыттың ерекшелігі ретінде реминисценция, интертекстуалдық, симулякр құбылыстары танылады.

Постмодернизм бағытына тән негізгі белгілер: 1. Авторлық көзқарастың ерекше позицияда көрініп, қаламгер автор-кейіпкер жүйесінде анықталуы; 2. Хронотоптың алмасып қолданылуы; 3. Көркем шығармада цитатаның қолданылуы; 4. Шығармада гипермәтін қолданысы; 5. Туындылардың хат, күнделік жанрында жазылуы [2]. Көркем шығарманың негізгі міндеті - белгілі бір шындықты жеткізу. Мәселен, реализм де, модернизм де шындықты жеткізуді көздейді. Реализм шындықты, қоғам бейнесін дәл сол қалпында бейнелеп, авторлық ұстаным анық көрінетін болса, модернизм адам шындығын боямасыз суреттейді. Осы негізден постмодернизм шындық болмысты танытуда оқырманмен ойын, интеллектуалды сұхбат тәсілдері арқылы оқырманның оқиғаларды өзі бағалап, өз пікірін қалыптастыруына бағытталған. Бұл орайда симулякр образының постмодернизмдегі қызметі автор танымымен байланысты екенін көреміз.

Ә.Қодар зерттеулерінде постмодернизмді Батыс пен Шығыс мәдениетінің тұтастығы деп анықтап, қазақ әдебиетінде қалыптасып келе жатқан жаңа бағыт ретінде түсіндіреді [3, 21 б.]. С.Қасқабасов болса постмодернизмнің қалыптасуын индустриалды қоғаммен байланыстырады [4, 4 б.]. Десе де кеңестік реализм негізінде қалыптасқан құндылықтар жүйесі өзгеруінен постмодернизм бағыты қалыптасты. Кеңестік реализм арқылы қалыптасқан шындық постмодернизмде мүлде басқа сипатта анықталады. О.Бычкова зерттеуінде симулякр философия мен семиотика саласы негізінде белгі ретінде анықталса, көркем образ арқылы образдың образы ретінде көрінеді [5, 10 б.]. Симулякр ұғымының ерекшелігі де

осында. Образдың жай ғана образы болып қоймай, қоғамдағы оқиғалардың нақты себебін танудың алғышарты ретінде байқалады.

Зерттеу жұмысында А.Кемелбаеваның «Тырнақ» туындысы герменевтикалық талдау әдісі арқылы талқыланып, постмодернизм дискурсы жан-жақты қарастырылды. Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» шығармасымен салыстыра талданып, симуляция әдісі негізінде қалыптасқан кейіпкерлер әлемі жеке-дара анықталды.

Герменевтикалық талдау интерпретациямен тығыз байланысты. Қ.Жанұзақова, В.В.Гетьман, З.Бауман, А.Матюшкин сынды зерттеушілер герменевтикалық талдау әдісінің мәтінді жан-жақты талдау арқылы танылатынын алға тартады. Ғ.Отарбаева зерттеу мақаласында көркем шығарманы түсініп талдағаннан бөлек, оқырман тарапынан жүргізілетін интерпретацияны да өткізу керек екенін айтады [6, 201 б.]. Бұл процесті автор герменевтикалық шеңбер деп ерекшелеп, оған тән анықтамалардың легін терең зерделейді.

Қазақ әдебиеттануында постмодернизм бағытын жан-жақты зерттеген С.Қасқабасов, А.Темірболат, Г.Сәулембек зерттеулерінде постмодернизмнің қоғамдағы өзгерістерді құндылықтық сипатта жеткізетінін анықтаған. Г.Сәулембек екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңнің постмодернизм атанғанын, өзіне дейінгі «ұлы идеяларды», оның ішінде тоталитаризмге, белгілі бір идеологияларға түбегейлі қарсы шыққан мәдениет екенін айтады [7, 23 б.]. Осылайша, постмодернизмнің қалыптасуы адамзат тарихында болып өткен оқиғаларды бағалау екенін көреміз. Симулякр ұғымы Ж.Делездің зерттеу мақаласында көркем образбен салыстырыла қарастырылып, постмодернизм эстетикасының символы ретінде танылады.

### **Нәтижелер және талқылау**

А.Кемелбаеваның «Тырнақ» шығармасы постмодернизмге тән негізгі белгілер мен сипаттарға құрылған. Атап айтар болсақ, композицияның бөлшектенуі, мазмұн мен пішін арасындағы жүйесіздік, интермәтінділік, симуляция секілді әдістер арқылы жүзеге асқан. Шығармада жазушылық кредо поэтика мен композициядан бөлек философиямен, интермәтінділіктің көптеген әдіс-тәсілдерімен, симулякр образымен жаңаша сипатталған. Туынды «Табалдырық», «Жұмбақ», «Қарға», «Қорым», «Студент», «Қара дақ», «Омарта» деп аталатын бөлімдерден тұрады. Тырнақ жайлы этномәдени дүниетаным мынадай тіркестер арқылы көрінеді: «Тырнақ ұшындай күш-қуаты», «ажалының тырнақ ұшына келуі». «Жұмбақ» бөлімінде детективті сипат басым. Ауданнан келген полиция сержанты С.Жұматаев орын алған жұмбақ өлімнің себебін табуға келеді. Аталған бөлімде мифтік таным аңғарылады. Айдаһар, жезтырнақ сынды мифтік кейіпкерлер аталып, әлі де өмір сүруі мүмкін деген сенімді көрсетеді. Шығармадағы тырнаққа қатысты символдың бірі ұстанның

дәстүрлі қолтаңбасы – құмай тырнағы. «Қарға» бөлімінде оқиға орын алған ескі қыстаққа полиция сержанты құрбанның туысы Ерболатпен бірге барады. Ерболат тырнақ жайлы молдамен болған әңгімесін есіне түсіреді. Ең бірінші Қабылдың Абылды өлтіріп, жер бетіндегі алғашқы қылмыстың орын алуы айтылса, екінші кезекте мифтік таным бойынша тырнақ пен шаштың лас екендігі жеткізіледі.

Шығарманың жаңашылдығы Саянның көзқарасынан байқалады. Ерболаттың тырнақ алған пышақты жеті сұққылап тазалайды деген пікіріне келіспейтінін, ондай әрекеттің негізінде қайшының әлі тұрмысқа енбегенін айтады. «Қорым» бөлімінде қорымда орын алған оқиғалар, неліктен ел қонбауының себебін түсіндіреді. Осы ретте шығармада көрініс тапқан діни сенім мен жаңа көзқарастарды қарастырып өтсек.

Діни сенім. Туындыда қаза тапқан жанның сүйегіне түсу, арулап көму кезінде жасалатын әдеттер көрініс табады. Халқымызда ислам дінінің орнауымен бақұл болған жанды ақ кебінге орап, жер қойнына тапсырады. Сонымен бірге шығармада көрініс тапқан бақташыны аластап, ұшықтау үшін емші шақыруы да – халқымыздың діни сенімінің көрінісі. Бақташыны елсіз, жерсіз қалған қыстаудан тауып алуы Ерболатты және оның айналасындағыларды үрейге батырғаны сөзсіз. Бұндайда адам ойына миға сыймайтын өзге әлем өкілдері еске түседі. Осы себептен діни сүрелерді жатқа білетін емшіні шақыртып, науқастың бетін бері қаратуды көздейді. Туындыда ант мезгілі де аталған. Ол – бақи аттанар алдындағы соңғы демімен айтылатын бақидың шаһадаты. Сол мезетте жалғыз «тырнақ» деуі Ерболатты уайымға салады. Сол уайымымен Ерболат бұл жұмбақтың жауабын табу үшін молдадан да, шетелде оқитын баласынан да тырнақ жайлы ақпарат жинайды. Молдадан білген ақпараттары діни болғандықтан, Ерболаттың үрейі өрши түседі. Шығармада тырнақтың лас екендігі, түнде тырнақ алуға болмайтындығы айтылған. Сонымен бірге тырнақтың ешкімен, одан қалса ібіліспен байланыстыру халықтың діни сенімін тереңдете түседі. Көшпелі өмір сүрген халқымыз айдалада жалғыз түйір жүрген ешкіні көрсе үрейленетін болған. Шаш пен тырнаққа қатысты ырымдар қатарында сиқыр жасау да бар. Аталған екі затты сиқыр жасаушылар жиі қолданған. Одан бөлек, тырнақты, шашты отқа тастамай, жерге көміп тастаған. Хадистерде жұма күні тырнағын алған адамның бір жұма бойы пәледен, жаладан аман болатыны да айтылған. Сонымен бірге қабірдегі өліктің тырнағы өседі деген пікірдің қате екені де аталып өтеді. Халқымыздың көзден сақтасын деп тағатын бойтұмары ретінде бүркіттің тырнағы аталады. Осы негізден шығармадағы діни сенім арқылы тырнақтың мистикамен байланысты екені аңғарылады. Десе де, шығарманың келесі бөлімінде тырнаққа қатысты жаңа ақпараттар айтылады.

Жаңа көзқарас. «Студент» бөлімінде тырнақ жайлы энциклопедиялық ақпараттар қолданылған. Интертекстуалдылық белгілі бір автордан цитата

келтіру ғана емес, энциклопедиялық ақпараттарды да келтіруде көрінеді. Мәселен, туындыда кванттық физика, радиотолқындар, биоөріс, тербеліс заңы сынды ұғымдар аталады. Сонымен бірге адам тырнағы мен құстың қауырсыны кератин деп аталатын бірдей заттан түзілетіні, жануарлар мен құстардағы тырнақ ерекшеліктері, Ш.Уәлиханов айтып өткен қырғыздардың ант орнына тырнағын жалауы жайлы мәліметтер берілген. Жанартаудан бөлінетін агат тасы, Сүлеймен патша отырған тақ та ақық тастың бір түрі саналатын оникстан жасалғаны, бұл ұғымның грекшеден аударғанда тырнақ мағынасын беретіні айтылады. Ғылыми деректер арқылы тырнақ жайлы ақпаратқа қаныққан Ерболат түсіндегі қорқынышынан бір сейіледі. Жануарлардың ерекшеліктері аталып, олардағы тырнақтың орналасуы мен құрылымы анықталады. Қабірдегі өліктің тырнағы өсуінің себебі қан жүрмейтін дененің сораып көрінуінен. Бойтұмар жайлы жаңа көзқарас энергия түсінігімен байланысты. Діни сенімдегі тырнақтың мистикалық рөлі азайып, ғылыми ақпараттар арқылы тырнақ туралы ғылыми мәліметтерге қанығады.

Авторлық позиция. «Қара дақ» бөлімінде қорымда түсірілген суреттерді қарап, полиция сержанты жұмбақтың шешімін табуға ұмтылады. Автордың көзқарасы, авторлық позициясы қоғамдағы болып жатқан өзгерістерді Айванховтың «табалдырық қарауылы» ұғымы арқылы түсіндіреді. Сонда шығармадағы қара дақ құбыжық емес, адам баласының бойындағы қара пиғыл екенін жеткізеді. Адам баласының санасында қаншалықты у көп болса, өзгеге кесірі көп тиетіні айтылады. Адам баласының жаман жағын өзгелерден жасыратыны да қозғалады. Сонымен бірге шығармадағы Саянның суретші досымен сұхбаты интеллектуал сұхбат негізінде өрбиді. Тырнақтың жазмыш екені туралы қорытынды пікір қалыптасады. О бастағы құрбанның тырнақ деу арқылы жазмышты, тағдырды меңзегенін ұғынамыз. «Омарта» бөлімінде полиция сержанты Саянның ескі қорымға орналасқаны, Ерболаттың жүйкесі тынышталғаны айтылады. Шығарма композициясы бірізді болмауымен, интеллектуалдық, интертекстуалдық сипатымен ерекшеленеді. Туындыда аталған «Қара дақ» – симулякр образ. Барша жамандықтың жинақталған образы ретінде қара дақ – әр адамның бойында кездесетін жаман тұсы. Қара дақтың сәт сайын өсіп отыруы мифтік таным арқылы жезтырнақ сынды мифтік кейіпкерлерді еске түсіреді. Симулякр образының ерекшелігі осында. Қара дақ жағымсыз мифтік кейіпкерлердің бірі деп ойлағанмен де, олай болмай шығады. Авторлық позиция мифологеманы терең түсіне отырып, бүгінгі жаңа көзқарастарды естен шығармай, әр адамның жаман тұсын көрсетпеуге тырысатынын, әр адамның ішінде қара дақтың болатынын жеткізеді. Шығармада Абыл мен Қабыл аңызы қолданылған. Бұл аңыздың қолданылуы қаламгердің жазушылық кредосына байланысты. Мәселен, М.Мағауин «Аласапыран» романында Абыл мен Қабылдың оқиғасын көшпенділік пен отырықшылық салттың қайшылығына негіз етіп

қолданған. Өзге де қаламгерлер жақсылық пен жамандық қатынасын бейнелеуде Абыл мен Қабыл оқиғаларын шығармасында қолданады.

Н.Худайбергенов жалпыадамдық құндылықтарды зерделей келе, Д.Васильева мен Ш.Елеуенова пікірлерін негізге алады. Проза жанрында ұлттық құндылықтармен бірге жалпыадамдық құндылықтар кең қолданыста. Д.Васильева пікірінше әдебиеттің күрделі құбылыс ретінде анықталуы ұлттық, жалпыадамдық мәселермен байланысты. Ш.Елеуенова қазіргі әдеби процесіте этномәдени дүниетаным, этномәдени фундаментализм қалыптасқанын айтады [8, 137]. Әдебиеттегі эстетикалық бағыт ұлттық құндылықтар арқылы қалыптасады. Кейіпкерлер болмысы тарихи негізден бастау алып, шығарманың түпкі идеясына айналады. Г.Орда зерттеу мақаласында тәуелсіздік алған жылдардан бастап, тотализмдік жүйеден босаған қазақ әдебиеті еркін тақырыпта шығармалар жарық көргенін айтады [9, 179]. Қазіргі қазақ прозасында кеңестік билікті жақтау немесе цензураға сәйкес жазылған шығармалар орнына ұлттық, жаһандық құндылықтарды көздейтін шығармалардың көптеп жазылды. Осылайша, тұлға, қоғам, әлем үштігі дүниедегі қайшылықтардың негізі екені анықталады. Тәуелсіздік идеясы қаламгерлер үшін жаңа форманың бастауына айналды. Қоғамдағы орын алған өзгерістер арқылы жеке тұлға түсінігі қалыптасты. Солай, «социалистік реализм» түсінігі жоққа шығарылды [10, 20].

Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» шығармасындағы Бекторы – симулякр образ. Кейіпкердің негізгі бастауы мифтік таныммен байланысты болғанымен, көшірме ретінде көрінеді. Г.Сәулембек симулякр образды көшірменің көшірмесі деп таниды. Осы негізден Бекторы мифтік санадағы жағымсыз мифологема емес, бұл да адам жанының қара дағы, жасыруға тырысатын тұсы екенін аңғарамыз. Жазушы өмірде Бекторыны кездестіруден сақтасын дейді. Жұмыс жасап жүрген Қайырболды бір қызбен кезігіп, өзінің жүзігін тастап кетеді. Шығармада “жүрек” концептологиясына өте ерекше назар аударылған. Қорқақ адамның жүрегі болмайтынын, адамның қуанышты, бақытты сәттерді сезінуі дәл осы жүрекпен байланысты болатыны, “жүректің” түрлері, иелері, қазіргі қоғамдағы “жүрек” коммерциясы турасында айтылады. Бекторының образы қазіргі заманның болмысымен астасып, жамандық болмаса жақсылықтың қадірі болмайтынын түсіндіреді. Сағындықтың көрген түсі әлем жайлы пікірдің, жалпыадамдық құндылықтарды тереңдете түседі. Шығармадағы шегініс түс арқылы жүзеге асқан. Автор-кейіпкер тізбегі арқылы мәтін тұтастай әлем болмысын бейнелейді. Жазушылық кредо дүниедегі болып жатқан құбылыстарға бейжай қарамаудан қалыптасқан. Бекторы «Ер Төстік» ертегісіндегі жалмауыздың қызы болса, «Бекторының қазынасында» қарапайым ғана сұлу қыз деп суреттелген. Дегенмен, заманауи Бекторы жалмауыздың қызынан мүлде бөлек. Симулякр образдың ерекшелігі де осында. Бекторы образының трансформациялануы арқылы

бұрынғы қастық жасайтын жалмауыздың қызы емес, адам болмысының жағымсыз тұсын бейнелейтін образға айналған.

«Әлем – мәтін» түсінігі А.Кемелбаеваның «Тырнақ» туындысында хронотоп арқылы ерекше сипатта қолданылады. Жеке суреттелген оқиғалар тізбегі біртіндеп авторлық позициядан көркем баяндауға алмасады. Осылайша автор-кейіпкер тізбегі құрылады. Туындыда автордың мәтінге ену эффектісі көрініс тапқан. Осылайша А.Кемелбаева оқырманмен тығыз байланыс орнатып, қазіргі қоғамда болып жатқан оқиғалардың негізгі себебін анықтап береді. Жүйелі түрде жүзеге асқан суреттеулермен, бейнелеулер арқылы көркем мәтіндегі уақыт концепциясы бірде кейінге шегеріліп отырады. Енді бірде автор кейіпкерлерінің арасында интеллектуалды сұхбат құрастырып, интермәтінділікті тиімді қолданады. Тырнақ жайлы ақпараттардың барлығы да шығарманың постмодернизм дискурсын күшейте түседі. Сонымен бірге Т.Әсемқұлов шығармасындағы әлем жайлы пікірлер тізбегі де интермәтінділік арқылы жүзеге асқан. Екі шығарманы қарастыра отырып, А.Кемелбаева «тырнақ – жазмыш», Т.Әсемқұлов «жүрек – бастау» деген көзқарастарды ұсынамыз.

Автор тырнақтың жазмыш екенін тіркестер арқылы түсіндірмек болады. «Жаны тырнағының ұшына келу», «ажал тырнағына іліну», «түнде адам жаны тырнаққа ілініп тұрады» деген тіркестер арқылы тырнақтың адам жаратылысы үшін маңыздылығын көреміз. Осы негізден автор тырнақтың жазмыш мәнінде қолданылуының негізгі мәнін түсінеміз. Автор А.Кемелбаева автордың мәтінге ену тәсілі арқылы әдебиет пен өмірдің байланысын көрсетіп, «Тырнақ» туындысы арқылы шынайы өмірдегі жатсынудың әдебиеттегі бейнесін көрсетеді. Кейбір авторлар шығармаларында толықтай симуляцияның орын алғанын бейнелесе, қаламгер А.Кемелбаева қара дақ симуляциясы арқылы мәдениет пен болмыстың дефициті мәселесін ұғындырады. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап қазақ қоғамының трансформациясын қара дақ симуляциясы негізінде түсіндіруге тырысады. Сонымен бірге шығармада интеллектуалдылықтың жаңа типі ретінде кейіпкер Ерболаттың Лондонда оқитын баласы суреттелген. Дегенмен автор тәуелсіздік жылдарынан орын алған өзгерістерді саралай келе, мәдени және адами құндылықтардың, этномәдени дүниетанымның сақталуы керектігін жеткізеді. Айта кетерлік артықшылық: оқырманмен ойын. Бұл – постмодернизмнің негізгі құралы. А.Кемелбаева «Тырнақ» шығармасында «қара дақты» оқырман дүлей күш, құбыжық деп күтеді, десе де авторлық позиция тұрғысынан олай болмай шығады. Қаламгер шығармаға детективті сипат бере отырып, қара дақтың мәнін интеллектуалдық сипаттан түсіндіреді. Т.Әсемқұлов болса, Қайырболды Сағындықтың тек түсінде болғанын оқырманмен ойын арқылы жеткізеді. Осы негізден постмодернистік шығармалар авторлық кредоның, позицияның әлем жайындағы бағалаулары арқылы қалыптасатынын аңғарамыз.



## Қорытынды

Симулякр жөніндегі пікірлерді қорыта отырып, постмодернизм дүниетанымының негізі екенін көреміз. Постмодернизм тарихи, ұлттық, философиялық, ғылыми түсініктердің жиынтығы ретінде анықталады. Тырнақ жайлы ғылыми пікірлер туындының постмодернистік сипатын аша түседі. Аласапыран дүниеден мән іздеп, шығарманы оқырманмен ойын түрінде құру, туындыда интертекстуалдылықты қолдану – постмодернизм бағытының негізгі құралдары. Екі шығармада әлем жайындағы, бүгінгі қоғамдағы ащы шындықты симулякр образ арқылы анықтаған. Т.Әсемқұлов қоғамдағы мәселені ақшамен ғана шешілетінін Бекторының симулякр образы арқылы түсіндіреді. А.Кемелбаева болса адамдардың қазіргі таңда коуч, тренерлерді іздеп жүріп оқуының бір себебі ретінде өзінің жағымсыз сипатын жасыруға тырысқан жанның тірлігі ретінде санайды. Осылайша постмодернизм қоғамның сипатын бейнелеп қоймай, шындықты әшкерелеудің негізгі құралы екенін түсінеміз.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Прохорова Т.Г. Постмодернизм в русской прозе: Учебное пособие. – Казань: Казан. гос. ун-т, 2005. – С. 25-27.

[2] Вераксих И. Зарубежная литература. XX век курс лекций. Лекция №16–17. Литература постмодернизма (niv.ru)

[3] Қодар Ә. Шығыс пен Батыс теке тіресі ме? «Әлемдік мәдениеттану ой-саласы». Он томдық. 8-том. Постмодернизм және мәдениет. – Алматы: Жазушы, 2006. – Б.11-21.

[4] Қасқабасов С. Постмодернизм // «Қазақ әдебиеті» газеті – 2009, №13, 10 сәуір. – Б.3-4.

[5] Бычкова О. Проблема Симулякра в постмодернистской литературе (на материале произведений А.Битова, Т.Толстой, В.Пелевина): автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата фил. наук. – М., 2008. – С. 8-10.

[6] Отарбаева Ғ.Н. Мәтін және интерпретация: көзқарастар мен концепциялар // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – 2018. – №4 (172). – Б. 199-203.

[7] Сәулембек Г. Қазіргі прозадағы постмодернизм: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2017. – 136 б.

[8] Худайбергенов Н. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар: философия докторы (Phd) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2020. – 163 б.

[9] Orda G., Khudaibergenov N., Sarsenbayeva Zh., Amanzhol S., Mursalimova N. The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature // Opción, Año 35. – 2019. – №89. –P. 177-194

[10] Жарылғапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. Монография. – Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2009. – 400 б.

## REFERENCES

[1] Prohorova T.G. Postmodernism v russkoj proze: Uchebnoe posobie (Postmodernism in Russian Prose: A Study Guide). – Kazan': Kazan. gos. un-t, 2005. – S. 25-27. [in Rus.]

[2] Veraksich I. Zarubezhnaja literatura. XX vek kurs lekcij (elect.resurs) (Foreign literature. 20th century course lecture) [in Rus.]

[3] Qodar Ä. Şyğys pen Batys teke tiresi me? (Are East and West perpendicular?) «Älemdik mädeniettanu oi-salasy». On tomdyq. 8-tom. Postmodernizm jäne mädeniet. – Almaty: Jazuşy, 2006. – B.11-21. [in Kaz.]

[4] Qasqabasov S. Postmodernizm (Postmodernism) // «Qazaq ädebiety» gazety – 2009, №13, 10 säuir. – B.3-4. [in Kaz.]

[5] Bychkova O. Problema Simuljakra v postmodernistkoj literature (na materiale proizvedenij A.Bitova, T.Tolstoj, V.Pelevina) (The problem of Simulacra in postmodernist literature (based on the works of A. Bitova, T. Tolstoy, V. Pelevina)): avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata fil.nauk. – M., 2008. – S. 8-10. [in Rus.]

[6] Otarbaeva G.N. Mätin jäne interpretasia: közqarastar men konsepsialar (Text and Interpretation: Perspectives and Concepts) // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – 2018. – №4 (172). – B. 199-203. [in Kaz.]

[7] Säulembek G. Qazırğı prozadağy postmodernizm (Postmodernism in contemporary prose): filosofia doktory (PhD) дәrejesin alu üşin daiyndalğan disertasia. – Almaty, 2017. – 136 b. [in Kaz.]

[8] Hudaibergenov N. Qazırğı qazaq prozasyndağy jalpyadamdyq qūndylyqtar (Universal human values in modern Kazakh prose): filosofia doktory (Phd) дәrejesin alu üşin daiyndalğan disertasia. – Almaty, 2020. – 163 b. [in Kaz.]

[9] Orda G., Khudaibergenov N., Sarsenbayeva Zh., Amanzhol S., Mursalimova N. The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature // Opción, Año 35. – 2019. – №.89. – P. 177-194.

[10] Jarylğapov J. Qazaq prozasy: aғymdar men әdister (Kazakh prose: currents and methods). Monografiya. – Qarağandy: JŞS «Glasir», 2009. – 400 b. [in Kaz.]

## **ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОГО ПОЗНАНИЯ И ПОСТМОДЕРНИСТСКОГО ДИСКУРСА (ПО РАССКАЗУ А. КЕМЕЛБАЕВОЙ "КОГОТЬ")**

\*Абдуллина А.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан  
e-mail: anar.abdullina@rambler.ru, orcid: <sup>1</sup>0000-0001-8695-7417

**Аннотация.** В статье рассматривается направление постмодернизма, сформировавшееся в казахской прозе после принятия независимости. Цель статьи – проанализировать творчество А. Кемельбаевой в рамках дискурса постмодернизма и выявить новшества в казахской прозе. Научное и практическое значение исследовательской статьи связано с развитием направления постмодернизма в казахской литературе. Изучение малых прозаических жанров в современной казахской литературе с точки зрения интертекстуальности позволит повысить практичность работы. Методология исследования связана с авторской трансформацией, игрой с читателем, интертекстуальностью, интерпретацией образов симулякра в казахской прозе. Герменевтическим методом были проанализированы произведения А. Кемелбаевой «Коготь», Т.Асемкулова «Сокровище Бектора» и выявлены их особенности. В рамках исследования были изучены отзывы В. С. Малахова в труде Т.Прохоровой, также точки зрения В. Курицына, В. Руднева, А. Кодара, С. Каскабасова и Ж. Жарылгапова о постмодернизме. Для изучения понятия симулякра были изучены труды О. Бычковой и Г. Сәулембека. Новизна в казахской прозе была определена изучением исследования Г.Орды, а общечеловеческие ценности проанализированы на основе трудов Н.Худайбергенова. С помощью герменевтического метода в рассказе А. Кемелбаевой

«Коготь» были выявлены приемы постмодернизма, такие как интертекстуальность и игра с читателем. Вместе с тем в произведении выявлены элементы детектива и интеллектуального диалога. Основная ценность исследовательской статьи связана с определением деятельности направления постмодернизма в казахской литературе в изображении характера общества. Проанализирован образ симулякра, феномен симуляции, определена его основная функция в прозе. В произведении всесторонне проанализирована основная функция образа симулякра-разоблачение недостатков общества. В исследовании постмодернистские новшества выводят казахскую прозу на новый уровень через изменения в поэтике прозы, художественно-эстетические ценности, творческую свободу, авторское кредо, авторскую позицию, а также через формирование у авторов новых средств и методов письма. Исходя из этого, произведения казахских писателей XXI века становятся объектом изучения на основе исследования мифического познания, мифического сознания в постмодернистской литературе. Идеино-эстетические концепции, моральные ценности в постмодернистских текстах определены на основе произведения А. Кемельбаевой «Коготь».

**Ключевые слова:** постмодернизм, интертекстуальность, симулякр, интерпретация, авторское кредо, авторская позиция, герменевтический анализ, новые направления

## **CONTINUITY OF NATIONAL COGNITION AND POSTMODERN DISCOURSE (BASED ON A. KEMELBAEVA'S STORY "THE CLAW")**

\*Abdullina A.B.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>doctoral student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan  
e-mail: anar.abdullina@rambler.ru, orcid: 0000-0001-8695-7417

**Abstract.** The research article examines the direction of postmodernism, which was formed in Kazakh prose after independence. The purpose of the article is to analyze the work of A. Kemelbaeva within the framework of postmodernism discourse and identify innovations in Kazakh prose. The scientific and practical significance of the research article is connected with the development of postmodernism in Kazakh literature. The study of small prose genres in modern Kazakh literature from the point of view of intertextuality will increase the practicality of the work. The methodology of the research is related to the interpretation of the images of the author's transformation, playing with the reader, intertextuality, simulacrum in Kazakh prose. "The Claw" by A. Kemelbaeva, "The Treasure of the Architect" by T.Asemkulov were analyzed by the hermenetative method and the features of the works were revealed. The study was based on the opinions of V. S. Malakhov in the work of T.Prokhorova, the views of V. Kuritsyn, V. Rudnev, A. Kodar, S. Kaskabasov, Zh. Zharylgapov on postmodernism. The opinions of O. Bychkova and G. Saulembek were considered about the simulacrum. Novelty in Kazakh prose was determined on the basis of G.Orda's research, and universal values were analyzed on the basis of N. Khudaibergenov's research. With the help of the hermeneutic method in A. Kemelbaeva's story "The Claw", the means of postmodernism, such as intertextuality, play with the reader, were revealed. At the same time, elements of a detective character and intellectual dialogue are revealed in the work. The main value of the research article is associated with the definition of the activity of the direction of postmodernism in Kazakh literature in the image of the character of society. The image of the simulacrum, the phenomenon of simulation is analyzed, its main function in prose is determined. The work comprehensively analyzes that the main function of the image of the simulacrum is to expose the shortcomings of society. In the study, postmodern innovations bring Kazakh prose to a new

level through changes in the poetics of prose, artistic and aesthetic values, creative freedom, author's credo, author's position, as well as the formation of new means and methods of writing among the authors. Based on this, Kazakh writers of the XXI century become the object of deep study on the basis of mythical knowledge, mythical consciousness in postmodern literature. Aesthetic systems of reality, ideological and aesthetic values in postmodern texts are determined on the basis of A. Kemelbaeva's work "The Claw".

**Keywords:** postmodernism, intertextuality, simulacrum, interpretation, author's credo, author's position, hermeneutical analysis, new directions

*Статья поступила 11.09.2023*